

«6D020600 – Дінтану»

мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Қасабекова Еңлік Құралғазықызының «Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 4 Елдің зияткерлік әлеуеті - 2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер: 2.1 Жаңа гуманитарлық білім. Философиялық және дінтану зерттеулері бағытына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	6D020600 – Дінтану Философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым	Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.

		бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысының ғылымға қосар үлесінің елеулі екені айқын. Ізденістің тақырыбы, жоспар-құрылымы, жүйелі мазмұны, ғылыми деңгейі мен теориялық маңыздылығы осындай түйінге негіз бола алады. Қол жеткізген ғылыми нәтижелер мен қорытынды тұжырымдар, өзектілігімен дәйектелген. Диссертацияда қарастырылған мәселелер жалпы қазақстандық гуманитарлық ғылымға қосатын үлесі жоғары деп бағалауға болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Қорғауға ұсынылған диссертация жұмысының мәтіні және жарияланған автордың мақалаларынан ғылыми жазу деңгейінің жоғары деңгейін көреміз. Ғылыми түрде логикалық құрылымда баяндалған жұмыстардан ізденушінің өзіндік жазу әдісінің қалыптасқанын байқаймыз. Сөз саптауы, толғамдары, түйін-тұжырымдарындағы өзіндік сипаты мен жалғастығы бұған дәлел бола алады. Ал ғылыми стилі ізденушінің маманданған саласындағы мәдениеттанулық категориялық аппарат пен негізгі ұғым-түсініктерді жақсы меңгергенін, сындарлы ой қорыта алатындығынан хабар береді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация жұмысының өзектілігі жан-жақты, кешенді түрде негізделген. Жалпы зайырлылық пен діни құндылықтар қазіргі геосаясатты қалыптастыруда әлемнің жетекші елдердің стратегиялық және тактикалық жоспарларына енгізіліп отыр. Барлық елдердің ішкі саясаты әрдайым діни факторларды ескеріп отырады, сонымен бірге дінге сенушілер мен сенбейтін адамдардың мүдделерін ескеруі қажет. Әлеуметтік өмірдің басқа да құбылыстарымен салыстырғанда, зайырлылық пен діндарлық құндылықтар көлеңкеде қалғандай көрінгенімен, олар дінге қатысты көптеген үдерістердің негізінде жатыр. Автор зерттеу жұмысында осы құндылықтар жүйесін жеке-жеке және өзара тікелей байланыста қарастырады. Қазақстанның рухани-мәдени, әлеуметтік және саяси-экономикалық салаларының әрбір қадамы еліміздің жаһандану көшінен қалмай, ілгерілеуінің ықпалы. Қазақстан – дін мемлекеттен бөлінген зайырлы ел. Дегенмен, дін қоғамның және қоғамдық сананың рухтандырушы факторы бола отырып ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда әрқашан маңызды рөл атқарып келеді. Сондықтан елдегі

		зайырлылық модельдері мен ұлттың діндарлық деңгейін қатар дамитын процес ретінде зерттеу негізделген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Ізденуші тандаған тақырыбын зерттуде «Зайырлылық пен діндарлықтың теориялық және әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда зайырлылық пен діндарлықты зерттеудің теориялық-әдіснамалық, тұжырымдамалық тәсілдері мен қағидаттарына талдау жасайды. Екінші тарау «Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діндарлық» мәселесін қарастыруға арналған, Бұл тарауда қазақ халқының түркілік кезеңінен бастап, Қараханидтер дәуірінен ХІХ ғасырдың соңына дейінгі рухани мәдениет дәстүріндегі зайырлылық пен діндарлықтың мәнін ашады. «Заманауи Қазақстан рухани мәдениетіндегі зайырлылық пен діндарлық құбылыстары» тақырыбындағы соңғы үшінші тарауда қазіргі еліміздің әлеуметтік кеңістіктегі зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасы, бұл саясаттың еліміздің болашағы үшін маңызы көрсетіледі. Сонымен диссертацияның мазмұны тақырыбын толық ашып тұр деген қорытындыға жасауға болады.
	1) айқындайды;	
	2) ішінара айқындайды;	
	3) айқындамайды.	
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертация жұмысының мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сай. Қазақ халқының дүниетанымындағы зайырлылық пен діндарлықтың тарихи маңыздылығын анықтап, олардың қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуындағы рөлі айқындалған. Ізденуші қойылған мақсатқа жету үшін келісідей міндеттер қойған: - Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылықты зерттеудің теориялық, әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздерін анықтау; - Қазақ халқының рухани әлемінің құрамдас бөлігі ретінде діндарлықты талдаудың теориялық, әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздері мен қағидаттарын айқындау; - Түркілер кезеңінің рухани-мәдени дәстүрлеріндегі зайырлылық пен діндарлықты талдау; - Қараханидтер дәуірінен бастап қазіргі кезеңге дейін дейінгі Қазақстанның әлеуметтік-мәдени және діни-рухани кеңістігіндегі зайырлылық пен діндарлықтың өзара байланысын айшықтау; - Абай іліміндегі зайырлылық пен діндарлық феномендерін қарастыру. - Қазақ халқының рухани және практикалық мәдениетінің зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің ерекшеліктерін зерттеу
	1) сәйкес келеді;	
	2) ішінара сәйкес келеді;	
	3) сәйкес келмейді.	

			- Зайырлы Қазақстан болашағындағы діндарлықтың рухани ықпалығының рөлін негіздеу. Қойылған міндеттер диссертация тақыбыны толық сәкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертация жұмысында ғылыми методологиялық принциптердің тұтастығы сақталған. Диссертация жұмысының мазмұнына орай барлық бөлімдері мен логикалық құрылымы нақты келтірілген. Барлық қағидалар мен ғылыми нәтижелер өзара сабақтастықта логикалық тұрғыда негізделген. Диссертация жұмысы кіріспеден, жеті бөлімшелерге бөлінген үш тараудан, қорытындыдан, дереккөздерден тұрады және олар арнайы талаптарға сәйкес негізделген. Диссертацияның жоспары тақырыптың мәні мен мазмұнын ашып, әрбір тұжырымның бір-бірімен байланысына негіз болған. Жұмыстың ғылыми нәтижелерінің өзегі ретінде қазақ дүниетанымындағы зайырлылық пен діндарлық мәселелері жан-жақты талданған. Жоспар ғылыми ізденіс нысанына сәйкес құрылған, жүйелі пайымдалған және ол диссертация мәтінінде айқын сипатқа ие болған.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған жаңа шешімдер дәйектеліп, бұрыннан белгілі ғылымда бар шешімдермен салыстырмалы түрде талданып, автор өз шешімін ұсына білген. Діндарлық дәстүрлері мен ислам діні мәселелерін Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи, М.Х. Дулати, Ш.Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердіұлынан бастап, қоғамдағы зайырлылық пен діндарлықтың орны мен рөлін зерттеген қазақстандық ғалымдар М.О. Әуезов, Ә.Х. Марғұлан, С.А. Қаскабасов, М.С. Орынбеков, Х.М. Әбжановтың және т. б. шығармаларындағы прогрессивті идеяларды атап өтеді. Ізденуші шетелдік ғалымдардың орыс тілдегі зерттеулерін де сараптама жасап, діндарлық пен зайырлылық ұғымдарына қатысты ойларын қазақ философиясында қалыптасқан дәстүрмен салыстырады. Диссертациялық жұмыста қазақ халқының тарихын, әдебиетін, құқықтық заңдары мен әдет-ғұрыптарын зерттеу арқылы мол рухани мұралар жинақтаған қазақ ойшылдарының еңбектері негізге алынған. Солар арқылы ұлт болмысындағы еркіндік пен әділеттілік қағидаттарына қатысты мазмұнды тұжырымдар отандық ғылымның теориялық және тәжірибелік маңызына өзіндік үлес қосады.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
		5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертация жұмысының ғылыми нәтижелері ішінара жаңа . Диссертацияның негізгі ғылыми жаңалығы ретінде ұсынылғын діни саладағы әлеуметтік-дінтанулық зерттеулердің ішінде зайырлы және діни құндылықтар
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	1) толығымен жаңа;	

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	қатынасына байланысты жазылған отандық ғалымдар Н.Л. Сейтахметова, Қ.А. Затов, Д.Т. Кенжетеев, А.Г. Косиченко, Е.Е. Бутова, Б.М. Сатершинов т.б. ғалымдардың ойларына ұқсас тұжырымдар қайталанатын. Қазақ халқының діндарлық көзқарастарына объективті баға беру үшін автор түркілік рухани мәдениеттің шынайы көріністерін қарастырады, Қараханидтер дәуірінен қазіргі заманға дейінгі тарихи сабақтастықта Қазақстанның рухани-мәдени, әлеуметтік кеңістігіндегі зайырлылық пен діндарлықтың дүниетанымдық ерекшеліктерін ашады. Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы діндарлық пен зайырлылық құбылыстарының қалыптасуы мен дамуындағы эволюция бірнеше кезеңдерден өткендігі және онда елдің бірлігі мен ұлттың мәдени бірегейлігін сақтауға ықпал еткен, рухани фактор ролін атқарған зайырлылық пен діндарлықтың өзара байланысы негізделеді.
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Жеті қорытынды жеткілікті талдауларға негізделген. Ізденушінің өзіне қойған міндеттері бойынша ғылыми тұжырымдарды қорытындылаған. Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діндарлықты зерттеудің теориялық, әдіснамалық негіздерін анықтап, түркілер кезеңінен қазіргі кезеңге дейін дейінгі Қазақстанның діни-рухани кеңістігіндегі зайырлылық пен діндарлықтың өзара байланысын анықтаған. Диссертацияда Абай іліміндегі зайырлылық пен діндарлық феномендерін қарастыру арқылы автор біраз философиялық тұжырымдарға да қол жеткізген. Автордың қазіргі Қазақстандағы зайырлылық принципін жетілдірудің бір жолы ретінде діндарлықтың рухани ықпалының ролін негіздеу деген қорытындысын ерекше атап өтуге болады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация жұмысының тақырыбы техникалық, технологиялық салаларға тікелей қатысы жоқ, бірақ еліміздің экономикалық басқару саласына ықпалы тиетін ғылыми нәтижелері бар. Түркілік дәуірдің рухани әлемінде зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері бір-бірімен тікелей байланыста сабақтасты. Қазақтар тәңіршілдік, зороастрылық, шамандық дәстүрлерін синтездей отырып, қастерлілік және прагматикалықты байланыстырған. Түркі әлемі зайырлы-діни контентті рухани мәдениетіне сіңірді, кейіннен тарихи даму барсында ислам дәстүрлерімен сұқбаттасты. Исламның қоғамдық санаға айтарлықтай әсер еткеніне қарамастан, зайырлы билік практикалық ойлар мен тиімді мемлекеттік басқару қажеттілігін басшылыққа ала отырып, тәуелсіздігін сақтауға тырысты.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			Автор осы кезенді зерттеу діни реформалар мен саяси қайта құрулардың орта ғасырлар мен қазіргі заманда зайырлылықтың қалыптасуы мен дамуына ықпал ету деңгейін көрсетеді және өзіндік ұсыныстар береді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның қол жеткізген ғылыми жаңалықтар толығымен ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Діндарлық пен зайырлық сан ғасырлардан бері қоғамдық сананың өзегіне айналған, сондықтан бұл құбылыстарды зерттеудің нақты теориялық және әдіснамалық дәстүрін қалыптастыру; Еліміздің тарихында зайырлылық пен діндарлықтың өзара ықпалдасуы әртүрлі тарихи кезеңде өзгерістерге ұшырап отырды. Алайда, ұлттың менталитеті мен дініндегі зайырлылық пен діни дәстүрлердің мазмұны сақталған; түркі әлемі зайырлы-діни контентті рухани мәдениетіне бойына сіңірді, кейіннен қазақ мәдениеті өзіні эволюциясында ислам дәстүрлерімен синтезделді; Қараханидтер дәуірі исламдану жағдайында зайырлы және діни билік қатар өмір сүрген бірегей тарихи кезенді білдіреді. Осы кезенді зерттеу діни реформалар мен саяси қайта құрулардың орта ғасырлар мен қазіргі заманда зайырлылықтың қалыптасуы мен дамуына қалай ықпал еткенін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді; Абай және басқа ойшылдардың шығармашылығында қазақ халқының зайырлылық және діндарлыққа қатысты ұстанымдарын айқындалған; Зайырлы Қазақстан қоғамындағы діндарлық және зайырлылық өзара тығыз байланыста және олардың теңгерімінде біздің қоғамның рухани-адамгершілік парадигмасының күшеюі байқалады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.1. Негізгі қағидаттар толық дәлелденген. Ізденіс ауқымында автор тарапынан 7 қағидат айқындалған және олар зерттеудің нәтижесімен бірлікте тұтасқан. 7.2 Әр қағидат тривиалды емес саналады. Автор қағидаттарды ерекше тәсілмен, жан-жақты қырынан қалыптастырған. 7.3 Мейлінше жаңа. Қазақстандағы дінтану ғылымында диссертацияда қарастырылған мәселелер арнайы зерттелмеген. Сондықтан да нәтижелері жаңалығымен ерекшеленеді. 7.4 Қолдану деңгейі кең. Ғылыми нәтижелерді әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында, осы бағыттағы пәндердерді оқыту барысында, мемлекеттік жастар саясатын жүргізу барысында және дисертант ұсынған ұлт бірлігін нығайту мен жастарды тәрбиелеуде ұлттың менталитетті қалыптастыруда діндарлық пен

		7.2 Тривиалды ма?	зайырлылық арақатынасын тең ұстау туралы ғылыми-теориялық тұжырымын кеңінен пайдалануға болады. 7.5 Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары ретінде 20 мақала жарияланған, оның 9-ы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және білім саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда: («Адам әлемі» – 5, «Әл-Фараби» – 2, «ҚазҰУ университетінің хабаршысы» журналында -1, «Тарих» электронды журналында – 1). Сонымен қатар, 2 мақала SCOPUS дерекқорында индекстелген журналдарда жарияланды. Жарияланған мақалалар жүргізілген жұмыстың мазмұнына толық сай келеді. 2 Scopus базасына енген ұжымдық мақала: Burova E., Sagikyzy A., Jamanbalayeva S., Kassabekova Y., Shagyrbay A. The Role of Religion in Shaping Sociocultural Self-Identification of Society in Kazakhstan. Academic Journal of Interdisciplinary Studies. – 2023, 12(5), PP 145–156, Kassabekova Y., Seidumanov S., Nurmuratov S., Shagyrbay A., Kurmanbek K. 9 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және білім саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда жарияланған. Токтарбекова Л.Н., Қасабекова Е.Қ. Ислам және Батыс Еуропа: интеграция мәселелері. Адам әлемі. – 2020. – №1 (95). – 159-168 бб. Нұрмұратов С.Т., Қасабекова Е.Қ., Аймұратов С.Б. Адам әлемі. –2021. – №1 (87). – 111-123 бб., Сейдуманов С.Т. Қасабекова Е.Қ. Қазақстанның діндарлық дәстүрлеріндегі зороастризм элементтері. Адам әлемі. –2022. – №2 (92). – 163-172 бб.
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыстың әдіснамасы нақты жазылған. Зерттеу жұмысында ізденуші мәселені жан-жақты қарастыру үшін дінтанулық, философиялық және әлеуметтік-психологиялық зерттеулердің ситуациялық ұстанымдарын басшылыққа алған. Қазақ руханилығын, ұлттық мәдениет пен дүниетанымындағы зайырлылық және діндарлық құбылыстарын толыққанды зерттеу үшін тарихи нақтылық, тарихи қайта құрылымдық, объективтілік қағидаттарын ұстанған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	

	2) жоқ.	Діндарлық феноменін ашуда құндылықтық, герменевтикалық және салыстырмалы талдау тәсілдері ұтымды қолданыс тапқан.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Иә. Диссертация жұмысының нәтижелерінің компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынғаны анық аңғарылады. Ізденуші статистикалық ақпараттарды, діндарлыққа байланысты интернет желілеріндегі суреттерді және отандық ғалымдардың әлеуметтанулық сауалнамаларының қорытындыларына сілтемелер жасаған.
	1) ия;	
	2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеудің теориялық қорытындылары мен ғылыми тұжырымдары нақты дереккөздер мен ой-тұжырымдарға сүйене отырып дәйектелген. Автордың өзіндік тұжырымдарын дәйектеуі мәселелерді зерттеу нысанына алып, әртүрлі көзқарастар мен ұстанымдардың барлығын бір мәселе төңірегінде топтастырып, қазақ рухани мәдениетіндегі діндарлық пен зайырлылықтың негіздерін айқындап беруінде көрініс тапқан. Ізденуші қазақ дүниетанымындағы діндарлық пен зайырлылық ұстанымдарының тарихи қалыптасып, қазіргі замандағы қоғамдық сана болмысының құрамдас бөліктерінің бірі екенін дәлелдеп береді. Қазіргі Қазақстан қоғамының діндарлық деңгейінің өсуі еліміздегі зайырлылық принциптерінің де жүзеге асырылумен қатар дамып келе жатқан үрдіс екені көрсетіледі.
	1) ия;	
	2) жоқ.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Ізденуші зерттеуінде тақырыптың түрлі қырларын пайымдаған отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін, теориялық, эмпирикалық дереккөз мәліметтерін зерделеу, талдау негізінде маңызды мәлімдемелерге қол жеткізген. Бұл ізденістің әр тарауындағы іргелі ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелерден айқын аңғарылады. Әсіресе, автор орта ғасырлық түрік ғұламаларынан бастап, отандық

			ғалымдардың еңбектеріне басымдық беріп, оларға терең талдау жасау арқылы ғылыми тұжырымдарға қол жеткізген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Қолданылған дереккөздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Ізденуші диссертацияны әзірлеу барысында мүмкіндігінше зерттеу нысанына алынған тақырып аясындағы зерттеулерді қамти алған. Пайдаланылған әдебиеттер бөлігінде көрсетілген 113 дереккөз ішіндегі еңбектер мен тақырып бағытындағы ізденістер іргелілігі мен негізділігімен назар аудартады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Зерттеудің теориялық құндылығы жаһандану кезеңіндегі рухани ізденістер мен толғаныстардың ұлғайған ахуалындағы дінтанлық зерттеулерге деген қажеттіліктің артуымен, ұлттық менталитеттің өсуімен және осы үдерістерге байыпты ғылыми тұжырымдар мен шешімдер ұсынуымен айқындалған. Ізденуші әлемдік жаһандану үдерісінде мемлекеттің идеологиясы мен тұғырын нығайту жолында зайырлылық принциптерге сүйене отырып, ұлттық мүддені қорғаудың жолын көрсетеді. Сонымен қоса, еліміздегі діндарлық мәселесіне ерекше көңіл бөлу арқылы біраз әлеуметтік мәселелерді: ана мен бала, отбасы құндылығын нығайту, ұлттық санаға еркіндік беру, демографияны көтеру, адам капиталын дамыту сияқты т.б. шешуге болатынын негіздейді.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертация жұмысының нәтижелері дінтану, саясаттану тағы да басқа гуманитарлық бағыттағы зерттеулерге негіз болуымен бірге, еліміздегі азаматтық қоғамның рухани негіздерін, этносаралық және дінаралық сұқбатты қалыптастыруға да өз үлесін қосатыны анық. Сонымен бірге зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы «Дінтану», «Саясаттану», «Мәдениеттану», «Тарих», «Философия» білім беру бағдарламаларында білім алатын студенттерге қажетті теориялық, практикалық құрал ретінде ұсынуға болады. Зерттеу тұжырымдарын қазіргі мемлекеттік жобалардағы Қазақстан Республикасы дінге қатысты саясатының басым бағыттарына сай қолдануға толық негіз бар.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
			Зерттеудің практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Жұмыстың жаңалығы мен құндылығын отандық дінтану ғылымы саласына қосар үлесі бар ғылыми зерттеу. Бұған зерттеуде берілген теориялық ережелер мен тұжырымдар әлеуметтік-мәдени және зияткерлік-рухани салаларда қазіргі кездегі «Әділетті Қазақстан» доктринасын, «Адал азамат» концептісін жүзеге асыру барысында, сондай-ақ

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	қазіргі қазақстандық қоғамның көпконфессиялы диалогын қалыптастыруға ықпал етуге байланысты ұсыныстар дәлел болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасын жоғары бағалауға болады. Сауатты ғылыми стиль, қисынды, дәйекті ой-тұжырымдар диссертацияның жоғары деңгейде жазылғанын, техникалық рәсімделуінің толықтығын, ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін де анықтайды.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияға ескерту ретінде жоғарыда айтылған зерттеудің ғылыми жаңашылық принципіне катысты 5 пункттегі диссертацияның негізгі ғылыми жаңалығы ретінде ұсынылғын діни саладағы әлеуметтік-дінтанулық зерттеулердің ішінде зайырлы және діни құндылықтар қатынасына байланысты жазылған кейбір отандық ғалымдар Н.Л. Сейтахметова, Қ.А. Затов, Д.Т. Кенжетасов, А.Г. Косиченко, Е.Е. Бурова, Б.М. Сатершинов т.б. ғалымдардың ойларына ұқсас тұжырымдар қайталанады. Бірақ бұл ескерту диссертацияның негізгі ғылыми деңгейіне нұқсан келтірмейді. Автор шынымен де осындай бағыттағы ойды ұстануы әбден мүмкін.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының		1. Academic Journal of Interdisciplinary Studies. The Role of Religion in Shaping Sociocultural Self-Identification of Society in Kazakhstan. Academic Journal of Interdisciplinary Studies, 2023, 12(5), PP 145–156 (Burova E., Sagikyzy A., Jamanbalayeva S., Shagyrbay A. бiре) 2. Relações Internacionais no Mundo Atual. Intercultural connections in Central Asia: comparative study of Zoroastrian and Kazakh traditions, religiosity, and culture Vol.3, n.45 e-7486 p.556-573 Julho/Setembro 2024 (S. Seidumanov, S. Nurmuratov, A. Shagyrbay, K. Kurmanbek бiре)

	ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Қасабекова Еңлік Құралғазықызының «Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері» атты диссертациясы ғылыми жұмыс талаптарына сай келеді. Осыны негізге ала отырып, Қасабекова Еңлік Құралғазықызын 6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынамын.

Ресми рецензент:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университеті

Теология факультетінің деканы,

философия ғылымдарының кандидаты,

қауымдастырылған профессор





Абжалов Сұлтанмурат Утешович

Адам ресурстарын басқару бөлімінің бастығы